



Б.Әбдіразақов атындағы №88 орта мектеп

Бекітемін: _____

Қосымша білім беру маманы: Н.Қуандықов

2022-2023 оқу жылындағы «Драма» үйірмесінің жоспары

Үйірме жетекшісі: Жаркеев Р

КІРІСПЕ

Оқушылардың тілі мен ойлау қабілетін қалай дамытуға болады? Білім алушының білім алуға деген қызығушылығын ояту жолдарын саралап зерттегенде, сахна өнерінің ең қажетті дүние екендігі дәлелденген. Сөздің сырын түсінуге қалай үйрету керек? Әлемді тануға, елгезектік пен байырымдылық, біреудің қайғысына ортақтаса білу мен барлық тіршілік иесін жақысы көруге қалай үйрету керек? Эмоционалдық ұялшақтықтан, қызығушылықтан - қымтырылудан арылу мен сөзді, образды сезіне білу мен оны шектен тыс білуді үйренудің ең дұрыс жолы - бұл ойын қиялдау мен құрастыра білу. Мұны барлығын да драмалық үйірме бере алады. Аталмыш үйірмеде тек қана көркемдік нәтижеге жету құралы, яғни спектакль қою ғана ғана қарастырылмайды. Жеке тұлғаның өзін-өзі тану, өзіне-өзі бағыт беру, өзіне талап қоя білу дағдысы қалыптасады. Сонымен қатар, драма өнері мен шұғылдандыру оқушылардың ойлау қабілеті мен таным қабілеттілігін белсендіруі, қиялы мен елесін оятуы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығын оятуы өте маңызды. Үйірме - оқушылардың іс-әрекетінің сабақтан гөрі шығармашылық қырларын көрсете алатын түрі. Оқушы дайын сабақты алумен шектелмейді, ол сондай-ақ өзі жасайды, өзі құрастырады. Үйірмеде балалар назары мәселені өздері қызықты, ойлану мен жетекші көрсетіп берген бағытта өздік жұмыстарында дамытуға, таным қабілеттерін дамытуға бағытталады. Олар өздері жасап отырғанын орындауда жеке, ұжымдық жұмыстарды жасай отырып, сабақта құралдар мен әдіс-тәсілдерді өздері тандайды. Сенімділік, оқушылардың жетекшінің біріккен қызметі, дидактикалық материалмен бірігіп жұмыс жасау, өнердің басқа түрлерімен байланыс, бәрі - оқушының жеке дамуының дамуына әсер етеді. Білім алушы сабақ үрдісінде алған білімді өмірде қолдануға үйренеді.

ТҮСІНІК ХАТ

Бүгінгі заман талабына сай алғыр, батыл, өзін көпшілік алдында еркін ұстай алатын, өз ойын, пікірін жеткізе алатын, өзіне сенімді, топпен, ұжыммен жұмыс істей алатын, тез өзгермелі заманда қоғамға бейімделе алатын, өз заманының тұлғаны қалыптастыруда мектеп өмірінде оқушылардың шығармашылығын қолдану өзекті болып табылады. Жалпы сенім беретін мектепте драмалық үйірмені енгізу мектептің оқу-тәрбие жұмысына тиімді болады, өйткені ұжым бірлесе жұмыс істейді, мұғалім мен оқушы арасында мәдениетті қарым-қатынас туындайды. Актер-өнеркерлердің позициясымен таныса отырып оқушының танымдық, рухани, эмоционалды, еңбек тәжірибесін қалыптастырады және дамытады. Шығармашылығы оқушыларды өнерге деген қызығушылығын арттырады, ой-қиялын, зейін, есте сақтау сияқты қабілеттерін арттырады. Мектепте жағымды психологиялық атмосфераны қалыптастырады. Үйірме жұмысын оқушылардың бір-бірімен тіл табыса білуі, өз ойларын, білімдерін бөлісіп отырып, өз білгенін басқалармен бөлісе білуге үйретеді. Мұғалім көмегімен жас әртістер өз рөлдерімен жұмыс істейді, сөздерін жаттайды, дыбыс дұрыс оқылуы мен дыбысталуын, интонация тазалығы, анық сөйлеуін, интонация, мимика, суреттің дәл ритмикасын келтіре отыра көркем образды ашады. Рөлдерді бөлу мұғалім мен оқушының келісімі бойынша жүзеге асады. Үйірме жұмысының мақсаты: әр оқушының өзіндік қабілетін дамыту, белсенділігін арттыру. Шығармашылығын шыңдау. Күтілетін нәтиже: актерлік өнердің қыр-сырын меңгеру, жұрт алдында өзін дұрыс ұстау, өз ойын жеткізе білу. Болашақта актер болмаса да заман талабына сай тележүргізуші, пресс-хатшы, менеджер т.б. сияқты кез-келген салада өзінің ойын дұрыс, еркін жеткізе білетін өзіне сенімді тұлғаны қалыптастыру. Үйірменің жұмысы - актерлік өнердің негізімен таныстыру, әртістердің спектакльдерді көру, шағын спектакльдерді қою.

**Драма үйірмесінің 2022-2023 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс жоспары**

Р/с	Тақырыптар	Сағаты	Мерзімі
1	Кіріспе. Драматургияның мәні	1	09.09.2022
2	Драма туралы түсінік. шығу тарихы	1	23.09.2022
3	Театр – ұжымдық өнер. Сахна этикасы	1	14.10.2022
4	Драмалық шығармалардың өзіндік ұғымдары	1	28.10.2022
5	«Қайсар рухты Қайрат» мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру, кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру, ролдік тапсырмалар	1	18.11.2022
6	«Қайсар рухты Қайрат» повесі желісімен дайындалған қойылымды көрермен талқысына ұсыну	1	02.12.2022
7	Кейіпкер келбеті Әбіш Кекілбаев «Күй» повесі желісімен «Қайтарылған кек қасіреті» қойылымы, әңгіме желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу	1	30.12.2022
8	Әбіш Кекілбаев «Күй» повесі желісімен «Қайтарылған кек қасіреті» қойылымды көрермен талқысына ұсыну	1	20.01.2023
9	«Өз болашағың – өз қолыңда» сахналық қойылымының мазмұнын, негізгі идеясын түсіндіру	1	3.02.2023
10	«Өз болашағың – өз қолыңда» сценарий мазмұнына, кейіпкерлеріне талдау, мінездеме, ролдік тапсырмалар беру	1	17.02.2023
11	Әңгіме желісі бойынша монолог дайындау, топ алдында сөйлеу,	1	03.03.2023
12	сахна төрінде қойылым дайындау	1	17.03.2023
13	«Соғыс қасіреті» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру	1	07.04.2023
14	«Соғыс қасіреті» кейіпкерлеріне талдау, мінездеме беру, сценарий дайындау, рольдік тапсырмалар беру	1	21.04.2023
15	«Соғыс қасіреті» сахналық көрінісін көрермен назарына ұсыну	1	5.05.2023
16	Жылдық қорытынды	1	19.05.2023

Үйірме жетекшісі:

Жаркеев Руслан

2022-2023 оқу жылында « Драма » үйірмесіне қатысатын оқушылар
тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы
1	Төремұрат Ақтілеу	4 а сынып
2	Инятулла Әбубәкір	4 а сынып
3	Серікқызы Бейбітұр	4 а сынып
4	Жақсығелді Әсел	4 а сынып
5	Іцкәр	4 а сынып
6	Жеміс Сабина	4 ә сынып
7	Сапаева Нұрсауле	4 ә сынып
8	Жасұланұлы Нұрислам	4 ә сынып
9	Әмірхан Інжу	4 ә сынып
10	Мерекбаев Нұрлыжан	4 ә сынып

Үйірме жетекшісі: Жаркеев Р